

Астана жайлы білімдерін сынады

1998 жылы қазақ елінің астанасы Сарыарканың төріне қоныс аударды. Ерте замандарда Бозоқ деген атаумен белгілі болған, кейін Ақмола атанған бұл шаһар жаңа дәуірде мемлекеттік мәртебеге ие болып, Астана деген асқақ атаумен тарихқа енді. Сол сәттен бастап Астана халқымыздың болашағына деген үміт пен сенім тоғысқан, биік армандар орындалатын киелі мекенге айналды.

Астана күні – ел мерейін асқақтатар мемлекеттік мереке. Әлемнің үздік 30 қаласының қатарынан орын алған бұл алып шаһардың өзіне тән терең тарихы, өрелі өрісі бар.

Қазақстан Республикасының жаңа астанасы ретінде Астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. Осы күннен бастап он жыл бойы қала күні жергілікті деңгейде 10 маусым-

да аталып келді. Ал 2008 жылы «Мереке-лер туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Астана күні мемлекеттік мереке мәртебесін алды. Содан бері елорда күні ресми түрде 6 шілдеде аталып өтеді. Бұл – бүкіл қазақ халқының ортақ қуанышына айналған күн.

Бас қаланың төл мерекесін бүкіл ел деңгейінде атап өтеді. Салтанатты шаралар Астанамен қатар басқа



да ірі қалаларда өткізіледі. Мереке мемлекеттік туды көтеру рәсімімен басталып, бұқаралық мәдени-спорттық іс-шаралармен жалғасады. Көрмелер, концерттер мен театрландырылған қойылымдар ұйымдастырылады.

Шығыс Қазақстан облысы Мәдениет басқармасының «Облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК Үлкен Нарын ауылындағы музей филиалы да Астана күніне арналған іс-шараларға өз үлесін қосты. Мереке аясында Үлкен Нарын аудандық ауруханасында викторина түрінде сұрақ-жауап шарасы ұйымдастырылды. Аурухана

қызметкерлері белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Шара соңында қатысушылар еліміздің өсіп-өркендеуіне және халқымыздың амандығына тілектерін білдірді.

Сарыарканың төрінен орын алған асқақ Астана – тәуелсіздігіміздің тұғыры, елдігіміздің нышаны. Мәңгілік елдің жүрегі болып, ғасырдан-ғасырға аман жетсін! Астана күні құтты болсын!

Күлжан Қайдарова,
музей филиалының директоры.

ИНФРАСТРУКТУРА

Продолжается ремонт дорог

Алена СВЕТЛАЯ

Общая протяженность автомобильных дорог в районе Үлкен Нарын составляет 282 километра. Из них 80 км относятся к республиканскому значению, 111 км – к областному и 91 км – к районному. Асфальтовое покрытие имеется на 205 километрах.



В этом году в районе планируется отремонтировать более 10 километров дорог. Асфальтирование пройдет на 11 улицах, на что выделено 422 миллиона тенге. В селе Малонарымка будет заасфальтировано 2,3 км улиц на сумму 89 млн тенге, а в селе Үлкен Нарын – 10 улиц общей протяженностью 8 км. На эти работы направлено 333 миллиона тенге.

Стоит отметить, что с момента обретения Казахстаном независимости на 10 улицах села Үлкен Нарын асфальтового покрытия не было вовсе.

Кроме того, в рамках программы «Ауыл – Ел Бесігі» начат средний ремонт водопропускной трубы на подъезде к селу Солдатово. На эти цели выделено 33 миллиона тенге.

За счет районного бюджета также про-

водятся работы:

-по ямочному ремонту улиц в селах Үлкен Нарын, Алтынбел и Солоновка (30 млн тенге);

-текущему ремонту моста в селе Алтынбел;

-отсыпке и грейдированию улиц в сельских округах (29 млн тенге).

В прошлом году за счет областного бюджета были отремонтированы улицы в селах Ново-Хайрузовка и Үлкен Нарын протяженностью 3,5 км на сумму 154 миллиона тенге. Также выполнен средний ремонт моста в селе Егынды на сумму 16 миллионов тенге.

Работы по улучшению дорожной инфраструктуры района будут продолжены, чтобы обеспечить безопасность и комфорт передвижения жителей.

Домбыра – ұлт мұрасы



Ұлттық домбыра күні – халқымыздың өткенін ұлықтап, ұрпағына аманат еткен рухани байлығын насихаттайтын маңызды мерекелердің бірі. Осы атаулы күнге орай аудандық орталық кітапхана мен Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Домбыра – қазақ халқының мұрасы» атты шеберлік сағаты өткізілді.



шағын нұсқасын жасап, шеберліктерін шыңдады. Бұл тәжірибе қатысушылардың домбыраға деген қызығушылығын арттырып, ұлттық мұраға деген құрмет сезімін оятты.

Айта кетейік, елімізде шілде айының алғашқы жексенбісі Ұлттық домбыра күні ретінде белгіленген. Бұл мереке – тек қана музыкалық аспапты дәріптеу емес, ұлттық рух пен тарихи жадымызды жаңғыртатын, мәдени мұрамыздың маңызын айқындайтын ерекше күн.

Домбыра күні – әр қазақтың жүрегіндегі мақтаныш, елдіктің нышаны. Осындай тағылымды шаралар арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу – келешек ұрпақ алдындағы басты міндетіміз.

Нарын info

